

«БЕКІТЕМІН»

Басқарма мүшесі, Стратегиялық
даму жөніндегі проректор

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды Ұлттық
зерттеу университеті» КеАҚ»

Е.Ж. Сармурзин

2025ж.



Шетелдік білім алушыларды бейімдеу бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы құжат «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ-та (бұдан әрі – «Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ» КеАҚ) шетелдік білім алушылармен байланысты қызметті реттейді және олардың білім беру және әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделуі мен интеграциялануын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы мен университеттің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауына бағытталған.

1.2. Шетелдік студенттермен жұмыс келесі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Қазақстан-2050» даму стратегиясы;
- Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері.

1.3. Осы құжаттың орындалуын бақылауды «Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ» КеАҚ-тың шетелдік студенттермен жұмысқа жауапты мамандандырылған құрылымдық бөлімшелері жүзеге асырады.

2. Бағдарламаның мақсаттары

- Шетелдік студенттердің академиялық, әлеуметтік және мәдени бейімделуін жеделдету;
- Қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру;
- Мәдениетаралық диалог пен толеранттылықты дамыту;
- Қазақстан Республикасының мәдениетімен, дәстүрлерімен және заңнамасымен таныстыру;
- Шетелдік студенттерге академиялық және психологиялық қолдау көрсету.

3. Негізгі міндеттер

- Университет құрылымы, ережелері және білім беру үдерістері туралы ақпараттандыру;
- Құқықтық сауаттылықты қамтамасыз ету;
- Тұру, тіркеу және медициналық қызмет көрсету мәселелері бойынша қолдау көрсету;
- Академиялық, ұйымдастырушылық және тәрбиелік мәселелер бойынша кеңес беру;
- Психологиялық қолдау көрсету;
- Тілдік және мәдениетаралық құзыреттерді дамыту;
- Университеттің ғылыми, мәдени, қоғамдық және спорттық қызметіне тарту.

4. Бағдарламаның негізгі бағыттары

4.1. Ұйымдастырушылық-ақпараттық бейімделу

- Кіріспе бағыттау кездесулерін өткізу;
- Университет құрылымы және бөлімшелерімен таныстыру;
- ҚР көші-қон заңнамасы бойынша кеңес беру;
- Ақпараттық материалдар ұсыну.

4.2. Академиялық бейімделу

- Факультет декандарымен және кураторлармен кездесулер;
- Білім беру бағдарламалары бойынша кеңес беру;
- Орыс және қазақ тілдері бойынша қосымша сабақтар;
- Ғылыми қызметке, конференциялар мен семинарларға тарту.

4.3. Әлеуметтік-мәдени бейімделу

- Университет және Қарағанды қаласы бойынша таныстыру экскурсиялары;
- Қазақстанның мәдени іс-шаралары мен мерекелері;
- Студенттік клубтар мен фестивальдерге қатысу;
- Мәдениетаралық іс-шаралар.

4.4. Психологиялық қолдау

- Психологиялық қызметтің консультациялары;
- Мәдениетаралық коммуникация бойынша тренингтер;
- Стрестік және дағдарыстық жағдайларда жеке көмек көрсету.

4.5. Тәрбиелік жұмыс және интеграция

- Тұрақты тәрбиелік және мәдени-ағартушылық іс-шаралар;
- Тренингтер, бейімдеу апталықтары және психологиялық кеңестер;
- Клубтарға, олимпиадаларға, фестивальдерге тарту;
- Педагогикалық ұжыммен және «тәуекел тобы» студенттерімен жұмыс;
- Шетелдік студенттерге тәлімгерлік және қолдау көрсету.

4.6. Медициналық қызмет көрсету

- Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;
- Медициналық қызметтер мен сақтандыруға қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- Медициналық көмекке жүгіну тәртібі туралы ақпарат беру.

4.7. Көші-қон заңнамасын сақтау

- Көші-қон режимін бақылау;
- Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары;
- Құқық бұзушылықтарға әрекет ету.

5. Бағдарлама іс-шараларының кестесі

Ұйымдастырушылық-ақпараттық бейімделу

Іс-шара	Жауапты	Мерзімі	Күтілетін нәтиже
Ұйымдастырушылық-ақпараттық бейімделу			
Кіріспе бағыттау кездесулері	Кафедра меңгерушілері, кураторлар	Бірінші апта	Оқу және тұру жағдайларымен танысу
Университет құрылымымен таныстыру	Кафедра меңгерушілері, кураторлар	Бірінші апта	Ұйымдастырушылық құрылымды түсіну
Көші-қон заңнамасы бойынша кеңестер	Паспорттық бақылау жөніндегі маман	Бірінші апта	Құқықтық талаптарды сақтау
Ақпараттық материалдар беру	Қабылдау комиссиясы	Оқуға қабылдау кезінде	Қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету
Академиялық бейімделу			
Кураторлармен, декандармен кездесу	Факультет декандары, кураторлар	1–2 апта	Академиялық байланыс орнату
Білім беру бағдарламалары	Декандар, орынбасарлар,	Бірінші ай	Оқу процесін түсіну

бойынша кеңестер	кафедра меңгерушілері, кураторлар		
Тілдер бойынша қосымша сабақтар	Декандар, орынбасарлар, кафедра меңгерушілері, кураторлар	Семестр бойы	Тілдік деңгейді арттыру
Ғылыми қызметке тарту	Декандар, орынбасарлар, кафедра меңгерушілері, кураторлар	Семестр бойы	Зерттеу дағдыларын дамыту
Әлеуметтік-мәдени бейімделу			
Қарағанды және университет бойынша экскурсиялар	Кафедра меңгерушілері, кураторлар	1–2 месяц	Әлеуметтік бағдарлану
Мәдени іс-шаралар және мерекелер	Кафедра меңгерушілері, кураторлар	Жыл бойы	Мәдениет және дәстүрлермен танысу
Клубтар мен фестивальдер	Кафедра меңгерушілері, кураторлар	Жыл бойы	Студенттік ортаға интеграция
Мәдениетаралық іс-шаралар	Кафедра меңгерушілері, кураторлар	Жыл бойы	Мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамыту
Психологиялық қолдау			
Психологиялық қызмет бойынша кеңестер	Психологиялық қолдау орталығы	Қажет болған жағдайда	Стресті деңгейін төмендету
Мәдениеттераралық коммуникация бойынша тренингтер	Психологиялық қолдау орталығы	Семестр барысында	Қарым-қатынас дағдыларын дамыту
Стрестік жағдайларда жекелей көмек	Психологиялық қолдау орталығы	Қажет болған жағдайда	Психологиялық төзімділікті арттыру
Тәрбиелік жұмыс және интеграция			
Тренингтер, бағдарлау апталықтары, кеңестер	Тәрбиелік жұмыс жөніндегі декан орынбасарлары	Семестр барысында	Толеранттық пен заңға бағынатын мінез-құлықты қалыптастыру
Қоғамдық өмірге	Тәрбиелік	Жыл бойы	Қоғамдық

тарту	жұмыс жөніндегі декан орынбасарлары		интеграция
Медициналық қызмет			
Студенттерге медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	Тәрбиелік жұмыс жөніндегі декан орынбасарлары	Келгеннен кейін 1 ай ішінде	Медициналық көмекке қолжетімділік, заңнаманы сақтау
ҚР көші-қон заңнамасын сақтау			
Көші-қон режимін бақылау, тұрақты түру рұқсаттары/виза рәсімдеу	Паспорттық бақылау жөніндегі маман	Оқу кезеңінің барлығы барысында	Көші-қон заңнамасын сақтау
Көші-қон полициясымен ақпараттық-түсіндіру шаралары	Паспорттық бақылау жөніндегі маман	Бірінші айда және қажет болған жағдайда	Құқықтық сауаттылықты арттыру
Бұзушылықтарға әрекет ету	Паспорттық бақылау жөніндегі маман	Бұзушылық фактісі бойынша	Бұзушылықтарды уақтылы анықтау және жою
Қорытынды шаралар			
Сауалнама жүргізу және кері байланысты жинау	Факультет деканы	1–2 ай	Студенттердің бейімделу деңгейін бағалау
Бағдарламаны іске асырудың қорытындыларын шығару	Факультет деканы	Семестр соңы	Бағдарламаның тиімділігін бағалау және жақсарту бағыттарын анықтау

Халықаралық
ынтымақтастық басқармасы басшысы



М.В. Успанова